«8D01503 - География» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Садықова Бағила Бижанқызының «Қазақстан географиясын оқытуда оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудағы қашықтықтан білім беру технологияларының мүмкіндіктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (еркертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Қазақстан географиясын оқытудағы оқу бағдарламасына, қашықтықтан білім беру технологияларының педагогикалық әдістемесіндегі зерттеулерге ғылыми даму бағыты сәйкес.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету) 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	"Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі 2021 жылғы 3 қарашадағы № 547 бұйрығы мен "Білім беру ұйымдарына қашықтан оқытуды ұсыну бойынша қойылатын талаптарды және қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығының міндеттері мен жалпы білімнің оқу бағдарламаларын іске асыру аясында орындалған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс педагогика саласында еліміздің ғылымына елеулі үлес қосқан, оның маңыздылығы ашылған. Қазақстан географиясы бойынша бағдарламалық міндеттерді шешуге бағытталған әдістеме жалпыға бірдей орта білім беру стандартты талаптарын жүзеге асыруға және оқушылардың зерттеушілік

			дағдыларын дамытуға елеулі үлес қосады деп санаймын.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Өзі жазу деңгейі жоғары.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігі негізделген. Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып Қазақстан географиясын оқыту өте өзекті мәселе. Әсіресе төтенше, шектеу іс-шаралары, қолайсыз метео жағдайлар, денсаулық, спорттық жарыстар, зияткерлік және шығармашылық конкурстар кезінде қашықтан оқыту тиімді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Диссертация мәтінінде келтірілген, талданған мәселелер диссертация тақырыбына сәйкес келеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыпқа сәйкес келеді. Жұмыстың атқарылатын міндеттері ретімен жасалған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық толық байланысқан. Диссертация 3 бөлімнен тұрады, бір-бірімен логикалық жалғасы бар, бөлімдері жүйелі түрде бөлімшілерге бөлінген.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан	Автор ұсынған жаңа әдістеменің тиімділігі дәлелденіп, шешімдеріне сыни талдау жасалған.

		белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Қазақстан географиясын қашықтықтан оқытудың әдістемесін Joo.kz білім беру платформасына енгізіп, Joo High School мектептері желісінде бейімдеуден өткізіп, ұсыныстар келтірген. Жүргізілген жұмыстар оқушының іздену, талдау, білімін өмірде қолдана алу, өз бетімен зерттеу жүргізу, жаңаша ойлау дағдыларын қалыптастыру мақсатында жасалған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. Автор бұрынғы зерттеулер мен деректер негізінде, қазіргі заманауи технологиялар мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қашықтықтан оқыту мәселесін қарастырып, жаңа әдістеме көмегімен, жақсы нәтижелерге жеткен.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)	Диссертацияның қорытындысы 75% жаңа болып табылады. Қазақстан географиясы пәнін joo.kz платформасында қашықтықтан оқыту әдістемесі жаңа икемді форматта жасалған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері 75% жаңа және негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертацияның негізгі қорытындылары зерттеу нәтижесінің логикалық шешімдері болып табылады. Олардың растығы күман тудырмайды. Себебі олар заманауи зерттеу әдістерін пайдаланып орындалған. Қорытындылар диссертацияда қойылған мәселелерге сәйкес келеді.

7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әр ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Бұл әдістеме оқушыларға өздеріне икемді уақытта білім алуға, білімін жетілдіруге, біліміндегі олқылықтардың орнын толтыруға, зерттеу дағдыларын дамытуына мүмкіндік тудырады. 7.1 Қағидат дәлелденді ме?-дәлелденді; 7.2 Тривиалды ма?- жоқ; 7.3 Жаңа ма?- ия; 7.4 Қолдану деңгейі: кең; 7.5 Мақалада дәлелденген бе?- ия;
8.		8.1 Әдіснаманы таңдау - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Ия, негізделген.

	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия; 2) жоқ	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	ия;
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде берілген. ия;
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Ішінде ресми ақпарат ресурстары, заманауи мақалалар, интернет ресурстары бар.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ	бар;
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Иә, диссертацияның нәтижесі Қазақстан географиясын қашықтықтан оқыту бағдарламасының маңызды бөлігі болып табылады,

		1) ия; 2) жоқ	практикалық маңызы бар және практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар жартылай жаңа (75% жаңа)
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары, ғылыми тілмен түсінікті жазылған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Жалпы алғанда жұмыстың орындалуы диссертацияға қойылатын талаптарға толығымен жауап береді. Дегенмен, ұсыныс ретінде диссертацияның техникалық рәсімделуін жақсарта түсуге болады деп ойлаймын. Бұл ұсыныс, диссертацияның құндылығын ешбір төмендетпейді және кеңес ретінде ұсынылды.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Мақалалар көрсетілген тізімде 6 жұмыс тақырыпқа сай келген. 1 Scopus деректер қорына енетін журналда, 3 мақала ҚР ҒжЖБМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«8D01503 - География» білім беру бағдарламасы бойынша Садықова Бағила Бижанқызының «Қазақстан географиясын оқытуда оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудағы қашықтықтан білім беру технологияларының

			мүмкіндіктері» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысы диссертацияға қойылатын барлық талаптарға сай келетіндігін негізге ала отырып философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Абай атындағы ҚазҰПУ,
Жаратылыстану және география факультетінің
аға оқытушысы, PhD
(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)

(қолы)

РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» ҚЕАҚ
КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫ
ЗАВЕРЯЮ РУКОВОДИТЕЛЯ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ
НАО «КазНПУ им Абая»
ҚОЛЫ
ПОДПИСЬ

Исаков Ерлан Дүйсенбекович
(Аты-жөні)